



## Рынок продовольственной продукции

Түйін сөздер: агроөнеркәсіптік кешен, бәсекеге қабілеттілік, майлы дақылдар, соя бұршақтары, суармалы жерлер, субсидиялар, қайта өңдеу, импорт, экспорт.

Ключевые слова: агропромышленный комплекс, конкурен-способность, масличные культуры, соевые бобы, орошаемые земли, субсидии, переработка, импорт, экспорт.

Key words: agro-industrial complex, competitiveness, oilseed crop, soybeans, irrigated lands, subsidies, processing, import, export.


Қазақстанның агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Көптеген позициялар бойынша еліміз әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола алады. Өнімнің өңдеу сапасын жақсартып, тауарларды сақтаудың, тасымалдаудың және өткізудің тиімді жүйесін құру үшін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің агроөнеркәсіп кешенін дамытудың жаңа мемлекеттік бағдарламасы аясында соя өндірісін дамытудың маңыздылығына ерекше назар аударылған. Себебі, соя агротехникалық мәні жоғары дақылдар қатарында. Ол тағамдық, мал азығы, техникалық және медициналық мақсатта пайдаланылатын негізгі майлы дақыл. Соя дақылы өзінің пайдалы қасиеттерімен әлемдік егіншілікте кең көлемде таралған ауылшаруа-шылық дақылдарға жатады. Сонымен қатар, азықтық, жемшөптік, техникалық мақсаттарда қолданыла отырып, халық шаруашылығында үлкен маңызға ие. Соя өндірісін ұлғайту Қазақстан үшін неғұрлым перспективалы және ыңғайлы болып табылады.

Соя – дүниежүзілік егін шаруашылығында кеңінен таралған, құнды, химиялық құрамы жағынан айрықша ерекшеленетін, өнеркәсіпте

және ауыл шаруашылығында жан-жақты пайдаланылатын дөнді бұршақ дақылы. Минералдық, органикалық, биологиялық белсенді заттарының бірегей құрамы, олардың функциялық қасиеттері дақылдың көпқырлы және жан-жақты пайдалануын күшейтеді.

Қазақстанның ауыл шаруашылығы секторының әлеуеті жоғары. Көптеген елдің нарығында біздің ел органикалық, экологиялық таза өнім өндіретін ел ретінде танымал. Соя өндірісінің қолданылу аясы үнемі кеңейуде және бүкіл әлемде осы мәдениет егіндері жылдан жылға өсіп келе жатыр. Сояның негізгі отаны Қытай болып табылады. Соя біздің эрамызға дейінгі XV және XI ғасырлар аралығында пайда болған, ал Еуропада сояның пайда болуы XVI-XVII ғасырлармен сәйкес келеді. Солтүстік Америкада алғаш рет 1975 жылы егілген. Оңтүстік және Орталық Америка халықтары XIV ғасырдан бастап пайдалана бастады [1].

Соя өндірісіндегі әлемдік көшбасшылар Америка Құрама Штаттары (бұдан әрі – АҚШ), Аргентина, Бразилия, Қытай, Үндістан болып табылады. АҚШ соя өндірісінің көшбасшысы (1-сурет).



Дерек көзі: Даутқанов Н. Переработка соя бобов перспективна для Казахстана [2].

Сурет 1 - Негізгі соя өндіруші елдер

2014 ж. олардың үлесі әлемдік өндірістің 33,9% (108,01 млн. т) құрады. 29,7% (94,5 млн т) және 18,8% (60 млн т), тиісінше – екінші және үшінші орында Бразилия мен Аргентина тұр. 2014 ж. бұл үш ел әлемдік соя өндірісінің 82,4%-ын (262,51 млн т) қамтиды [3].

Өндіруші елдердің ондығына кіретіндер қатарында: Қытай – 12,35 млн. т, Үндістан – 9,8 млн т, Парагвай – 8,4 млн т, Канада – 6,05 млн т, Украина – 3,8 млн т, Уругвай – 3,4 млн т және Боливия – 2,65 млн тонна.

Қазақстан да әлемдік үрдістен қалар емес. Біздің соя өнімдеріміз нарықта жоғары

## Рынок продовольственной продукции


сұранысқа ие. Қазақстанның ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру, қайта өңдеу мен Қытайға жеткізу бойынша да әлеуеті жоғары. Қытай нарығына гендік модификацияланғанбаған, органикалық таза, табиғи соя жеткізе бастаймыз. Ал Қытай әлемдегі сояны ең көп тұтынатын елдердің бірі.

Тағамдық жағынан бағалылығы және құрамындағы белоктың жоғарылығына байланысты Біріккен Ұлттар Ұйымының Білім, Ғылым және Мәдениет жөніндегі Ұйымы (бұдан әрі – ЮНЕСКО) сояны стратегиялық дақыл ретінде анықтаған. Қазақстанда аталған дақылдың селекция және тұқым шаруашылығы бойынша жұмыстары 30 жылдан бері жүргізіліп келеді.

Ғылым саласындағы ғалымдардың көмегімен 20 сорты жасалынып, оның 9 сорты Қазақстан Республикасында қолданыста. Елімізде қолдануға рұқсат етілген отандық

соя сорттарын аймақтарға қатысты бөліп көрсетсек: Шығыс Қазақстан облысында сояның «Жалпақсай» сорты, Қызылорда облысында «Алматы», «Жалпақсай», «Мисула», «Казахстанская 2309» сорттары, Алматы облысы бойынша «Алматы», «Жалпақсай», «Мисула», «Перизат», «Жансая», «Казахстанская 2309», «Радость», «Эврика», «Ласточка» сорттары, Жамбыл облысында «Казахстанская 2309», «Радость», «Эврика», «Ласточка» сорттары, Оңтүстік Қазақстан облысында «Алматы», «Жалпақсай», «Мисула», «Вита», «Ласточка» сорттары өсіріледі.

Қазақстанда және Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы (бұдан әрі – ТМД) елдерінде соя өнімдері азық-түлік өнеркәсібінің әр түрлі салаларында кеңінен қолданылады. Соңғы 15 жылда соя бағасының өсу үрдісі байқалды (2-сурет).



Дерек көзі: Даутканов Н. Переработка соя бобов перспективна для Казахстана [қарал терек 2]. Сурет 2 –

ТМД елдеріндегі соя өндірісі

Соя бұршақтарынан шрот, май, күнжара, ұн, концентраттар, толық майы сығылған соя, ет, тұздық, сүт өнімдерін өңдейді. Сүт өнімдерін өңдеу саласында, оның ішінде сары май, ірімшік, сүт, қаймақ және басқа да өнімдерді өндіруде көп пайдаланады.

Ет консервісі саласында ақуыз-май толтырғыштар ретінде пайдаланылады. Барлық соя өнімдері қазақстандық тамақ өнеркәсібі үшін импортталады.

Соя шроты – соя ірі бұршақтарын қайта өңдеу өнімі. Соя шротын ірі өндіруші елдер АҚШ, Қытай, Аргентина, Бразилия, ЕО болып табылады. Олардың үлесіне әлемдік нарықтың 85%-дан астамы тиесілі. Бүкіл әлемдік өндірісі шамамен 130 млн т құрайды. Негізгі экспорттаушылары: Аргентина, Бразилия, АҚШ – шамамен әлемдік экспорттың 87%-ы. Негізгі тұтынушылар: Еуропа одағы (бұдан әрі – ЕО), Қытай, АҚШ, бұл ретте Қытай мен АҚШ өздері өнімнің елеулі көлемін өндіреді, ЕО аграрлық саясаттың ерекшелігіне байланысты жыл сайын шамамен 25 млн т шрот (әлемдік экспорттың 44%-ы) импорттайды. Шрот бағасының динамикасы жалпынарықтық үрдісінің шегінде және макроэкономи-

каның негізгі заңдарына сәйкес келеді. Қазақстандағы соя шроты құстар мен жануарларды азықтандыру рационында негіз ретінде пайдаланылады.

Жылдық тұтыну көлемі статистикалық деректер бойынша шамамен 75 мың т құрайды. Құс өсіру, мал шаруашылығы, азық-түлік өнеркәсібінің дамуына байланысты тұтынудың өсу үрдісі байқалады.

Ұзақ уақыт бойы соя өнімдері негізінен олардың функционалдық және экономикалық әсерлері себебінен пайдаланылды, ал екінші жоспарға тамақ қасиеттері қойылды. Барлық елдердің тәжірибесі соя өнімдерін, соның ішінде шикізаттық емес сояны пайдалану мынандай жағымды технологиялық әсер көрсетті:

- ұсақталған ет ретінде тұрақты ет сиыр эмульсияларын құруға көмектеседі;
- термиялық өңдеу мен сақтау кезінде ылғалды жоғалтуды азайтады;
- тығыздығын арттырады және өнімнің құрылымын жақсартады;
- өнімдердің сапасын жақсартуға мүмкіндік береді;

## Рынок продовольственной продукции

- өнім сериясының сыртқы түрін, қасиеттерін және стандарттарын жақсартады [4].

Жүргізілген зерттеу негізінде өсімдік майының әлемдік құрылымына тоқталатын болсақ: рапс майы 13%, мақта майы 10%, жержаңғақ майы 8%, күнбағыс майы 7%, пальмалық ядро 3%, кокос майы 1%-ды құраса, соя майы 58%-дық көрсеткішті құрайды.

Өсімдік майын тұтыну құрылымына байланысты талдасақ: пальма майы 33%, рапс майы 16%, күнбағыс майы 7%, пальмалық ядро 4%, жержаңғақ 3%, мақта майы 3%, ко-

кос майы 3%, зәйтүн майы 2% болса, соя майы 29%-ды көрсетіп отыр. Соя өнімдері нарығы перспективалы және экспорттық әлеуетке ие. Олар технологиялық жағынан күрделі болып келеді және арнайы қосымша процестерді көп талап етпейді, дегенмен олар өте маңызды болып табылады.

Қазақстанда майлы дақылдар бойынша 2011-2014 жж аралығында егіс алаңының өсу үрдісі байқалады. Ал 2014 ж салыстырғанда 2015 ж майлы дақылдардың егіс алаңы біршама төмендеген (1 кесте).

Кесте 1 – Ауыл шаруашылығы дақылдарының нақтыланған егіс алаңы, мың.га

Дақылдар	2011 ж.	2012ж.	2013ж.	2014ж.	2015ж.
Барлық егіс алаңы	21083,0	21190,7	21271,0	21244,6	21022,9
оның ішінде:					
<i>Майлы дақылдар</i>	<i>1816,2</i>	<i>1853,9</i>	<i>1980,9</i>	<i>2299,5</i>	<i>2009,8</i>
күнбағыс	954,5	794,6	877,4	846,1	740,7
мақсары	251,7	272,9	295,6	269,1	246,8
soя	70,8	85,3	103,2	118,6	106,8
рапс	156,7	228,0	263,1	303,8	245,4
зығыр	325,8	419,4	410,1	708,8	630,9
қыша	38,9	31,8	26,2	45,6	32,5
Дерек көзі: Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жж арналған мемлекеттік бағдарламасы					

2011 ж майлы дақылдар барлық егіс алаңының 8,6 %-ын құраса, 2012 ж майлы дақылдар 8,7 %-ға жоғарылады. 2013 ж майлы дақылдар барлық егіс алаңының 9,3%-ын құрады. Ал 2014 ж. майлы дақылдар алаңы 10,8%-ға жетті. 2015 ж. қорытындысы бойынша 9,5%-дық көрсеткіш көрсетті. Осы майлы дақылдардың ішінде сояның егістік алаңы бойынша талдау жүргізсек, 2011 ж. майлы дақылдардың 3,8%, 2012 ж. - 4,6%, 2013 ж. -

5,2%, 2014 ж. - 5,1%, 2015 ж. - 5,3%-ын құрады. Жалпы 5 жылды қорытындыласақ, соя алаңының өсу үрдісі байқалады. 2014 ж. әлемдегі соя өндірісі 318,6 млн т құрады – бұл рекордтық көрсеткіш. Соңғы 20 жылда жаһандық соя өндірісі 2,0 есе өсті, 50 жылдан астам - 9,5 есе өсті.

Ендігі кезекте, майлы дақылдар өндірісінің негізгі көрсеткіштеріне тоқталайық (2-кесте).

Кесте 2 – Майлы дақылдар өндірісінің негізгі көрсеткіштері

Жылдар	Өндіріс			Ішкі тұтыну, мың тонна	Импорт, мың тонна	Экспорт, мың тонна
	Егіс алаңы, мың.га	Түсімділік, ц/га	Жалпы жиналым, мың тонна			
Майлы дақылдар						
2011	1816,2	6,7	1141,9	981,1	14,1	174,9
2012	1853,9	6,1	976,8	632,3	104,3	448,8
2013	1980,9	8,0	1498,0	1200,2	40,1	337,9
2014	2299,5	7,8	1547,6	1013	41,4	576,0
2015	2009,8	8,1	1547,5	1014,6	34,9	567,8
Орта ес. 5 жыл ішінде	1989,9	7,3	1342,4	968,2	47,0	421,1
Соя						
2011	70,8	19,1	133,2	127,2	0,4	6,4
2012	85,3	20,1	169,8	148,4	0,5	21,9
2013	103,2	19,7	203,3	188,4	5,6	20,5
2014	118,6	18,7	217,9	202,2	4,2	19,9
2015	106,8	20,8	220,4	209,9	5,2	15,7
Орта ес. 5 жыл ішінде	96,9	19,7	188,9	175,2	3,2	16,9
Дерек көзі: Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жж арналған мемлекеттік бағдарламасы.						

## Рынок продовольственной продукции

Майлы дақылдарды ішкі тұтыну бойынша 2011 ж. соя 12,9%, 2012 ж. - 23,4%, 2013 ж. - 15,6%, 2014 ж. - 19,9%, 2015 ж. - 18,1%-ын құраса, импорт бойынша майлы дақылдардың соя 2011 ж. 2,8%, 2012 ж. - 0,47%, 2013 ж. - 13,9%, 2014 ж. - 10,1%, 2015 ж. - 14,8%-дық көрсеткіш көрсетіп отыр.

Экспорт бойынша соя өндірісі майлы дақылдардың 2011 ж. 3,6%, 2012 ж. - 4,8%, 2013 ж. - 6,1%, 2014 ж. - 3,4%, 2015 ж. - 2,7%-ды құрады. Жалпы орта есеппен 5 жыл ішінде ішкі тұтыну бойынша соя майлы дақылдардың 18,1%, импорт бойынша 6,8%, экспорт бойынша 4,1%-дық көрсеткіш көрсетті. Бүкіл

әлемде 94-тен астам елде соя өсіріледі. 2014 ж. соя өндіретін негізгі елдерде әлемдік соя өндірісі 97% (309,25 млн тонна) қамтыды.

Әлемдік нарықта сояның өсіп келе жатқан бағасы өндірушілерге егіс алаңдарын ұлғайту және көбірек дақылдарды алу үшін өнім көлемін кеңейту қажет болып отыр. Ол үшін елімізде Шығыс Қазақстан, Алматы, облыстарының жерлері қолайлы аймақ болып табылады. Соя өнімдерін өндіру нарығын ұлғайту қажет, сондықтан, соя пунктерін құру бойынша 2017-2021 жж арналған жоспар жасалды (3-кесте).

Кесте 3 – Соя пунктерін құру бойынша 2017-2021 жж. арналған жоспарлы көрсеткіштер, бірлік

Облыстар	2017	2018	2019	2020	2021
Ақмола	0	1	5	5	5
Ақтөбе	7	5	3	3	2
Алматы	5	4	3	3	5
Атырау	1	1	3	3	5
Батыс Қазақстан	5	3	2	2	1
Жамбыл	0	2	2	2	1
Қарағанды	5	5	2	2	2
Қостанай	5	5	2	2	2
Қызылорда	10	5	2	3	3
Оңтүстік Қазақстан	5	5	2	2	2
Павлодар	0	1	1	1	0
Солтүстік Қазақстан	5	1	2	3	2
Шығыс Қазақстан	5	4	2	2	1
Қазақстан Республикасы	53	42	31	33	31

Дерек көзі: Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жж арналған мемлекеттік бағдарламасы.

Қойылған жоспарды орындау барысында соя алқаптары ұлғайтылып келеді. Оны төмендегі мәліметтерден көруге болады. Жалпы шаруашылықтың барлық санаттары бойынша Алматы облысы 83,1%-ға жетіп отыр. Ал, Шығыс Қазақстан бойынша 9,5% болып отыр. Соның ішінде ауылшаруашылық кәсіпорындары бойынша Алматы облысы 61,3%, Шығыс Қазақстан облысы 17,1% болса, шаруа немесе фермер қожалықтары бойынша Алматы облысындағы соя бұршағының егіс алқабы 91,8%, Шығыс Қазақстан облысының егіс алқабы 6,3%-ды құрайды.

Сояның егіс алқабы бойынша Алматы облысы көш бастап тұр. Алматы облысында ауылшаруашылық кәсіпорындары 21,4% болса, шаруа немесе фермер қожалықтары 78,6% болып отыр.

Қазақстанда соя өндірісінің өсуі өндірістің қарқынды өсуіне, өсім шығымдылығына және егістік алқаптарды кеңейтуге байланысты ауқымды дамудың нәтижесіне әсер етуде. Қазіргі кезде елімізде асыл тұқымды мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, балық шаруашылығы, сондай-ақ мал азығы өндірісі қарқынды дамып келеді. Сондықтан, облыс-

тағы соя өнімі сұранысқа ие. Сонымен бірге сынақтан өткен технология мен жер қыртысын сапалы өңдейтін және күзгі орақты дер кезінде атқаруға арналған техникалар кешенінің жасақталуы да диқандардың ынтасын арттырды. Ең бастысы – биыл сояның бір тоннасының сатып алу бағасының 140 мың теңгеге жеткені де соя орналастырылған алқаптар көлемінің барынша кеңейе түсуіне жол ашты [5].

Дәл қазіргі кезде Алматы облысында еліміздегі сояның 95 пайызы өсіріледі. Ең ірі соя дөңдерінің шоғырланған жері – Алматы облысындағы шаруа қожалықтарына гектарына 35-40 ц, ал кейбіреулері 50 ц дейін жетеді. Сояны арамшөптері жоқ жазыққа, ылғал мен сіңімді заттары көп жерге егу керек. Облыста тарамдалған магистралдық және шаруашылықаралық суару каналдары желісінің әлі күнге сақталып қалғаны ықпал етіп отырғаны анық.

Алматы облысындағы суармалы жерлерді игеру қажет. Ол үшін Алматы облысының әртүрлі аудандарында соның ішінде, Ескелді, Панфилов, Алакөл, Сарқанд аудандарындағы соя өсіретін егістік алқабын кеңейткен жөн.





